

«ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»ММ
«ТАЛДЫҚОРҒАН ИНДУСТРИЯЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ»

Ұстаздар күніне арналған
«Ұстаз- ұлағатты ұлы есім» тақырыбында өтетін
шараның сценарийі

Дайындағандар:

А. Абдибекова

С. Қортықбаева

Талдықорған, 2024 ж.

**«Ұстаз – ұлағатты ұлы есім» атты ұстаздар күніне арналған мерекелік
кештің сценарийі**

Фанфар

БИ Медколледж 4қыз

Әдеби монтаж. (колледж білім алушылары)

Фанфары:

Ұстаз болу — жүректің батырлығы, - **Темірлан**

Ұстаз болу — сезімнің ақылдығы - **Ақниет**

Ұстаз болу — мінездің күн шуағы - **Димаш**

Азбайтұғын адамның алтындығы— **Ахмет**

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық қылған жалықпас , - **Темірлан**

Үйретуден балаға.

Алты алаштың басы біріксе төр мұғалімдікі - Әлібек

Мен үшін жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені ол мектептің жүрегі

- **Нұрбек**

Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады - **Мадина**

Мұғалім-зор тұлға, ол күннің құдіретті сәулесі іспетті. - **Нұрбол**

Ұстазы жақсының ұстамы жақсы — **Әлібек**

Ұстаз - шешен, өнер-білімге құштар, аса қанағатшыл жаны асқақ және ар-намысын ардақтайтын, жақындарына да, жат адамдарына да әділ..., жұрттың бәріне... жақсылық пен ізгілік көрсетіп...қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін батыл, ержүрек болуы керек. - **Ақниет**

Ұстаз болу — өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау. — **Димаш**

Жай мұғалім хабарлайды,

Жақсы мұғалім түсіндіреді,

Керемет мұғалім көрсетеді.

Ұлы мұғалім шабыттандырады. - **Темірлан**

Ұстаз талантты болса,

Шәкірті талапты болады. — **Мадина**

Бірге: ҰСТАЗДАР МЕРЕКЕЛЕРІҢІЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН

1-Жүргізуші:

Күллі өмірін жеткіншекке арнаған,
Ұстаздарды ардақтайды барша жан.
Ол мектептен шықпаса да қыз-жазы
Жемісі оның жердің жүзін шарлаған

Армысыздар, ақылмен түйсініп, жүрекпен сезінетін пайым - парасатымен, талғам
- танымымен танылатын құрметті ұстаздар!

Бүгінгі «Ұстаз – ұлағатты ұлы есім» атты мерекелік кешімізге қош келдіңіздер!

2-жүргізуші: Сегодня большой, торжественный праздник! Мы собрались в этом зале, чтобы поздравить наших уважаемых и любимых учителей с профессиональным праздником – Днем Учителя! Нет ни одного человека, который бы сегодня не вспомнил своих любимых учителей, наставников, воспитателей!

1-жүргізуші: Бүгінгі Ұстаздар мерекесіне арналған салтанатты кешімізге арнайы шақырылған қонақтарды таныстыруға рұқсат етіңіздер! Біздің қонақтарымыз бір кездері осы білім ордасында қызмет етіп, болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде талмай еңбек еткен кешегі ұстаздар, ал бүгінгі күні ардагер-зейнеткерлер

1-жүргізуші - Ахимбеков Абилхан Алкенович;

2 -жүргізуші Еркінбек Ысқақ;

1-жүргізуші - Рахимова Зауре Бухарбековна

2-жүргізуші - Мукашева Зейнелғарап Ескендировна;

1-жүргізуші - Исабекова Галия Мукашевна;

2-жүргізуші - Абдрахманов Аскар Аканович;

1-жүргізуші - Абдильдина Сәуле Нығметовна;

2-жүргізуші - Ким Виктор Станиславович;

1-жүргізуші - Касенов Нүсіпхан Ахатович

2- жүргізуші - Ускембаев Серікбай Естібаевич;

1-жүргізуші - Толымбеков Жемісбек Дулатбекович;

2- жүргізуші - Орсаяев Болат Нурсапович!

1-жүргізуші - Ким Алла Викторовна

1-Жүргізуші: Адамгершілік ұстанымы жоғары, Интеллектуалдық әлеуеті мықты, жүрегі жылы, эрудициясы шексіз, сөзі маржан, үні ән ұлағатты ұстаздар! Осындай ұлы қасиеттерді бойларына сіңірген ұстаздар, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруде, оларға адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде. Осындай ұлы еңбектеріңіз үшін көп рақмет!.

2-жүргізуші:

День учителя отмечается в самое красивое время года! Сегодня сердца и души ваших студентов светят любовью к вашему труду и таланту. Вы не просто даете знания, а создаете большой светлый мир, который преисполнен надежд и больших ожиданий студентов и их родителей

1-жүргізуші

Ұстаздың үлгі етпесе нұрлы істерін,

Елде осы жоғалардай үрдіс керім.

Ең ұлы міндет артып иығына

Қоғамның қалайды олар кірпіштерін, - деп ақын ағаларымыз жырлағандай, кемел келешек ұрпаққа ұлағатты тәрбие беріп, білім нәрін себуде ұстаздың еңбегі ұшан теңіз.

2-жүргізуші: Құрметті бүгінгі мереке иелері сіздерді «Ұстаздың- мәртебелі мамандық» тақырыбындағы баяндамамен колледжіміздің қазақ тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы Хабарова Гульназира Мұратовна таныстырады.

2-жүргізуші: Ақын ағамыз қазіргі кезде біреуге бағыну қиын, ал басшы болу одан 100 есе қиын деген екен. Бірақ осы басшылық қызметті адал атқарып, ұжымды ауызбірлік пен жауапкершілікке, білім мен біліктілікке шақырып, бір жыл ішінде талай игілікті істерге ұйытқы болған колледжіміздің директоры Джумадилов Асет Қазыйұлына құттықтау сөз беріледі

Құрметті ардагерлер сіздерді ұжым алдына шығуларыңызды сұраймыз.

Ардагерлерге сыйлық ұсынылады. Алуа А. Подносты ұстайды, Нұрбек М. оқиды.

1 курс студенті – Нұрзақ Алдияр ұстаздарына ән арнайды

2-жүргізуші: Какое же огромное сердце нужно иметь, чтобы изо дня в день, из года в год так щедро тратить его на нас!

Учитель... Слово – то какое! Оно живет в сердцах многих поколений. Оно как прекрасный цветок расцветает на благодарной почве детских сердец. Недаром учителя называют инженером человеческих душ, а душа бессмертна, значит, бессмертен учитель и дело его.

Ах, сколько грусти в слове «Ветеран»

И сколько здесь почета и тепла!

Ведь лишь трудом почет людской был дан,

Ведь в колледже лучшие прошли года.

Сегодня мы не можем не говорить о людях, которые учили наших родителей, даже бабушек и дедушек. Они долгие годы проработали в нашем колледже.

I –жүргізуші: Бүгін біз колледжімізде талай жылдар табысты еңбек етіп, білім берген ұстаздарымызды айтпай өте алмаймыз. Қаншама маман иелерін дайындап, еліміздің әр саласында еңбек етуде, себебі олар берген білім, олар берген тәрбие мен өнеге шексіз.

2-жүргізуші : Біз сіздерді мақтан етеміз: мына қошемет, құрмет сіздерге

1-жүргізуші::

Колледжіміздің еңбек ардагерлерінің атынан құттықтау сөз колледжді 2001-2012 жылдары колледжде директорлық қызмет атқарып, техникалық мамандықтарды ашуға, бір жерге жинақтауға үлкен үлес қосқан, адами қасиетімен, сабырлығымен барша ұжымды басқара білгір, білікті басшы бола білген **Ахимбеков Абилхан Алкеновичке** құрметпен сөз береміз. . (Конверттер таратылады.)

Алдарыңызда «Қыран» триосының орындауындағы әнді қабыл алыңыздар!

1-Жүргізуші:

Ұстаз еңбегі-ұлы еңбек. Сондықтан да ұлы Абайдың:

Ақырын жүріп анық бас,

Еңбегің кетпес далаға.

Ұстаздық еткен жалықпас

Үйретуден балаға,-деп айтуында терең мағына жатыр. Егер әр адамның жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол-мұғалімнің еңбегі.

(ВИДЕО РОЛИК – студенттердің қатысуымен құттықтау)

1-жүргізуші. Дана халқымызда «Ұстаз болу-өз уақытын аямау, өзгенің бақытын аялау», «Ұстазға қарап шәкірт өседі», «Аспаз көрген ат таныр, ұстаз көрген хат таныр», «Ұстазыңды ұлы әкеңдей сыйла» деген нақыл сөздер бар. Олай болса ұстаздарымызды аялайық, сыйлайық, құрметтейік, бас иейік.

1 - курс студенті Сәкен Бекзаттың орындауында «ҰСТАЗЫМ» әні

1-жүргізуші: Біз колледжімізде ардагерлерімізбен, тәжірибелі ұстаздарымызбен мақтанамыз, себебі олар берген білім, тәрбие мен өнеге шексіз. Биылғы жыл біздің қатарымыз жаңадан қосылған ұстаздармен және жалынды жас мамандармен толықты. Жас мамандарының, мақсаттары айқын, асар асуы, бағындырар белесі биік екеніне сенімдіміз.. Міне ендігі кезекте жаңа толқын, жаңа леп, жаңа күш, жаңа жетістіктерді әкелетін ұстаздар мен жас мамандар таныс болыңыздар. **Алдыға шығады.**

1. Тезекпаева Диана -математика пәнінің оқытушысы
2. Алиева Галина Алиевна -орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушысы
3. Назаров Алдияр Есимханович -география пәнінің оқытушысы
4. Сердалинов Сағынған Бекікболұлы - АӘ және технологиялық дайындық пәнінің оқытушысы
5. Демейова Алуа Адилбековна- арнайы пән оқытушысы

6. Самалбаева Баян Абеновна - арнайы пән оқытушысы
 7. Онумбаев Айдос Олжабинович- арнайы пән оқытушысы
 8. Бақытбекқызы Алтынай- арнайы пән оқытушысы
 9. Абдулин Рустам Маликович- өндірістік оқыту шебері
 10. Күлбеков Дәурен Арстанбекұлы- өндірістік оқыту шебері
 11. Мұқанджан Ержан Бақытұлы - өндірістік оқыту шебері
 12. Жумабеков Бақыт Жумабекович - өндірістік оқыту шебері
 13. Кульманбетов Ринат Айткалиевич - өндірістік оқыту шебері
 14. Тұрарбеков Бақтияр Қанатұлы - өндірістік оқыту шебері
 15. Аманбаев Қанат Жумабекович- өндірістік оқыту шебері
- Ержан Бақытұлы құттықтау сөз сөйлейді.**

I-жүргізуші: Ортаға келіп, әкесіндей болған ағаларымыз бен аналарындай болған әпкелерімізге ән жолдайды.

Ән Дәурен мен Диананың орындауында - ӘКЕ мен АНА

1-жүргізуші:

Ұстаз - шәкірт алдында сыйлы адам. Ұстаз жайлы айтылар сыр да, жыр да көп. Оның сенімін ақтау — адамгершіліктің белгісі. Мұғалімнің жүрегі соғып тұруы үшін: жауаптылық, қажырлылық, білімділік, жүректілік, сүйіспеншілік, сабырлылық керек екен.

Дәстүрлі ән - САЗ колледжі

1-жүргізуші : Ұстаз мейірі-Ана мейірімі пара-пар,
Тұла бойға қуат болып таралар
Көп жасаңдар бұл өмірде шуақ боп,
Айналайын білім берген ұстаздар!

Ән Саз колледжі

1- Жүргізуші. Уақытпен санаспай балаға мазмұнды білім беріп, тәлім-тәрбие үйретіп, бар уақытын балаға арнау үшін де шыдамдылық, төзімділік, үлкен жүректілік, адамгершілік, ізгілік пен мейірімділік сияқты қасиеттер керек. Осының бәрі ұстаздардың бір бойынан табылады.

Колледждің жас бишілері де ұстаздардың жастық шағын еске түсіріп бір билемекші. Қарсы алыңыздар

2-жүргізуші

Ұстаздық өте жауапты мамандық екені баршамызға белгілі. Ол – әрі ғалым, әрі шешен, әрі көшбасшы. Ол өзінің ісімен де, сөзімен де, жүріс-тұрыс мәдениетімен де, қоғамда Тәуелсіз еліміздің эталондық бейнесі болып табылады. Сондықтан ұлағатты ұстаздар сіздерге бүкіл адам баласы құрметпен бас иеді.

(Хор колледж білім алушылары) – видео

1-жүргізуші

Бүгінгі төл мерекелеріңіз тағы да құтты болсын құрметті ұстаздар! Осымен Ұстаздар мерекесіне арналған «Ұстаз ұлағатты есім» атты мерекелік шарамыз өз мәресіне де келіп жетті. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп – көп рахмет! Сау саламатта болыңыздар!

2-жүргізуші: До новых встреч дорогие ветераны и любимые учителя! **Спасибо Вам за то, что вы есть!**

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Еңбектеріңізге адалдық, отбастарыңызға бақыт, елімізге тыныштық тілейміз!

Анықтама

«Ұстаз – ұлағатты ұлы есім» атты ұстаздар күніне арналған мерекелік кешіміз 04.10.2024 күні өтілді.

Мерекенің мақсаты: Ұстаздарды мерекелерімен құттықтау, үлкенді, ұстазды сыйлау, адамгершілікке тәрбиелеу, ата-ана, ұстаз оқушы арасындағы байланысты нығайту, оқушыға рухани тәрбие беру



Мерекелік кеште колледж директоры А.К. Джумадилов сөз сөйлеп, ұстаздарымызды марапаттады.



Ұстаздар мерекесіне арналған кешімізге білім ордасында талай жылдан бері болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде талмай еңбек еткен ардагерлеріміз келді.



Сонымен қатар биылғы жыл қатарымыз жалынды жас мамандармен толықтырылды, жас мамандар өздерін таныстырып, өнерлерін көрсетті.

